

**6D011400 - «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған Вахдет Таракчының «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай: зерттелу мен оқыту мәселелері» тақырыбындағы диссертациясына ғылыми кеңесшінің**

## **ПІКІРІ**

Диссертациялық жұмыс Отан тарихының тұлғатану бағытындағы іргелі зерттеулердің нәтижелерін тарихи сана қалыптастыру және мамандықтың шифрына сай ол нәтижелерді оқыту үдерісінде қолданудың әдістемесін жасауға арналған. Тақырыптың өзектілігі әлем таныған қайраткердің тәуелсіздік жылдары деректік негізде қалыптасқан шынайы бейнесінің тұлғалық өнегесін педагог мамандар дайындау үдерісіне енгізуге арнауымен ерекшеленеді. Мұстафа Шоқайды Түркістандағы «Шураи исламия» ұйымының негізін қалаушы және басшысы, Түркістан Мұхтарияты (Қоқан автономиясы) ұлттық мемлекеттілігін құрушы, Алаш Орда үкіметінің мүшесі, Кавказ жеріндегі азаттық күреске қатысушы, шетелдегі Түркістан ұлттық бірлігінің жетекшісі ретінде жекелей қарастырылып, бағаланса, докторант осының барлығын Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы деген ұғымға біріктіріп қарастырады. «Мұстафа Шоқай – Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының көшбасшысы» деген тұжырым жасайды. Бұл отандық тарихтағы методологиялық маңызы бар жаңа ізденіс. Ал тақырыптың өзектілігі – Шоқайдың көтерген түркілік бірлік идеясы қазіргі кезде түрік тілді мемлекеттердің саяси-экономикалық, мәдени-рухани ынтымақтастығын нығайту және дамытудың қажеттілігі түрінде күн тәртібіне қойылуымен айқындалады.

Жұмыстың басты жаңалығы да осы мәселелердің диссертациялық тұрғыда тарих ғылымында алғаш рет қарастырылуынан туындайды. Вахдет Таракчының зерттеуін тарих саласы бойынша методологиялық және педагогика саласы бойынша методикалық мәні жоғары жұмыстар қатарына жатқызуға болады. Өйткені, болашақ мұғалімдерді дайындауда Мұстафа Шоқай сияқты қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылығы тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық күреске арналған тұлғалардың саяси және азаматтық өнегесі мәселесінің педагогикалық әлеуетін айқындап, оны оқу үдерісіне ендіру бұған дейін толық мәнінде қарастырылмаған.

Диссертация мазмұны мен құрылымы қисындық және мазмұндық тұрғыда біртұтас жасалғандықтан да зерттеу нәтижелері ғылыми негізді және сенімді болып шыққан. Қайраткердің тұлғалық өнегесі мен шығармаларының деректік мазмұнын оқу үдерісінде қолдануға қатысты зерттеулердің тарихнамасын қарастыра отырып, тарихи даму үдерісіне теориялық-әдіснамалық талдаулар жасау арқылы дәлелді ой-тұжырымдар жасалған.

Докторант «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» пәнінің мазмұнына М.Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметінің тарихы мен оның шығармашылығында орын алған саяси, идеялық және мәдени-рухани құндылықтарды тақырыптарға сай енгізумен бірге, оны оқытудың әдіс-

тәсілдерін жетілдіруді мақсат тұтқан және соған сай ғылыми ізденіс жұмыстарын жүргізген. Қайраткер шығармашылығының педагогикалық әлеуетін ашу бағытында мақсатты түрде жасалған ізденістер оң нәтижелер берген.

Диссертациялық зерттеудің қол жеткен нәтижелері мен тұжырымдары негізінде жасалған ғылыми-әдістемелік ұсыныстары «Қазақстанның қазіргі заман тарихы» курсының базасында оқытуға арналған «Мұстафа Шоқай және түркілік бірлік идеясының тарихы» атты таңдау пәнінің оқу-әдістемелік кешенінің мазмұнында түйінделген.

Вахдет Таракчының «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай: зерттелу мен оқыту мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысында қол жеткен нәтижелері мен жасаған ғылыми қорытындылары қазіргі кезде мемлекеттік бағдарламаға айналған рухани жаңғыру міндеттерін іске асыруда жас ұрпақ бойында тарихи сана қалыптастыру әдістерін жетілдіруде және тарихты оқыту әдістемесіне енгізілген елеулі жаңалық деп бағаланады. Бұл педагогикалық және әдістемелік нәтижелердің қолданбалық деңгейі де жоғары.

Вахдет Таракчы докторантура бағдарламасын толық орындады. Тақырыпқа байланысты ғылыми-зерттеу және педагогикалық ізденіс жұмыстарын жүргізді. Оның диссертациялық жұмысы ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Ережесіне сай орындалған, дербес, ғылыми және әдістемелік жаңалығы бар және тұжырымдары мен жаңалықтары ғылыми-теориялық тұрғыда жеткілікті дәлелденген. Жұмыс нәтижелерінің ғылыми басылымдарда жариялануы да талапқа сай келеді.

Вахдет Таракчының диссертациялық жұмысынның осындай жетістіктерін негізге алып, ресми қорғауға ұсынамын.

**Ғылыми жетекші,  
т.ғ.д., профессор**



**Х.М.Тұрсұн**

